1.	Парасаттылық және әдеп	5 Б	1	Қызырова Ә.Д.
2.	Эмоционалды интеллект және сыни ойлау	7 Б	1	Куандыкова А.Б.
3.	Медиасауаттылық	8 Б	1	Жунуспаева Л.А.
4.	Зайырлылық және дінтану негіздері	9 Б	1	Омаров М.Ж.

- 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»;
- 7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»;
- 8-сыныпта«Медиасауаттылық»;
- 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»;

Оқыту орыс тілді 5-9 сыныптарда аталған курстар «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша жүргізілді.

2021-2022 оқу жылындағы 10-11 сыныптың (оқыту қазақ тіліндегі сыныптар) оқу жоспарының кестесі.

р/с	Сыныптар	10-сыныптың апталық сағат саны	11-сыныптың апталық сағат саны	Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі	Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі
1	**Инвариантық компонент саны**	33	27	60	2040
2	**Вариативтік оқу жүктемесі**	4	8	12	408
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		37	35	72	2448

10 А оқыту қазақ тілді сыныбы жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша орта білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес вариативтік компонент 4 сағаттан тұрады: Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері) -1 сағат берілді. Элективті курстар: «Абайтану», «Мен инженермін», «Физикалық есептер шығару» курстарына бөлінді. 11 А оқыту қазақ тілді сыныбы жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сай жүргізілді. Инвариантық оқу жүктемесі 27 сағаттан тұрады, вариативтік оқу жүктемесі 8 сағаттан тұрады. Инвариантық компоненттен таңдау пәндері: Физика, Алгебра және анализ бастамалары, Шетел тілі, Қазақ тілі таңдау пәндеріне берілді. Дене-шынықтыру: спорттық ойындар 1 сағат оқу жоспарына сай жүргізілді. Элективті курстар: «Мен инженермін», «Тарихи фактілер мен деректер», «Органикалық химия» курстарына берілді.

2021-2022 оқу жылында оқыту орыс тілді 10-11 сынып-комплектілері болған жоқ.

2022-2023 оқу жылында сабақ процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері:

1-4 сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру.

1-4 сыныптардағы оқу үрдісі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1-қосымшасы басшылыққа алып ұйымдастырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарыға арналғанбастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасына сәйкес оқу жоспары жасалды.

Бастауыш сыныптарда білім берудің мақсаты–оқушылардың тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін шыңдау:

Функционалдық және шығармашылық білімдерін қолдана білу;

Сыни ойлау;

Зерттеу жұмыстарын жүргізу;

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;

Түрлі коммуникациялық әдістерді, оның ішінде шапшаң ойлау, қимылдау дағдыларын қолдану;

Жеке және топта жұмыс жасай білу.

Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады:

Әр оқушыны базалық біліммен қамтамасыз ету;

Жекелеме пәндерді ықпалдасыру;

Оқушылармен жеке қатынастарды жүзеге асыру;

Оқушылардың шығармашылық тұрғыдан ілгерілеуіне ықпал ету.

Бастауыш сыныптарда **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері»** міндетті оқу курсының берілуі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10сағат дүниетану пәніне кіріктіріліп беріледі. **«Жолда жүру ережелері»** міндетті оқу курсы 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат сынып сағатына кіріктіріліп беріледі.

2022-2023 оқу жылындағы 1-4 сыныптардың оқу жұмыс жоспарының кестесі

Сыныптар	**1-сынып**	**2-сынып**	**3-сынып**	**4-сынып**	**Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі**	**Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі**
Инвариантық оқу жүктемесінің көлемі	18,5	23	25	25	91,5	3275,5
Вариативтік компонент көлемі	1	1	1	1	4	143
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	19,5	24	26	26	95,5	3418,5

2022-2023 оқу жылы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі таңдау бойынша сабақтарға сағаттар бөлінді.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптар бойынша вариативтік компонент бөлігінен берілген сабақтар:

р/с	**Пәнатауы**	**Сыныбы**	**Сағаты**	**Пәнмұғалімі**
1	Логика әлемі	1 А	1	Садыкова С.К.

2	Логика әлемі	2 А	1	Асайенова А.Е.
3	Логика әлемі	3 А	1	Ботаханова Р.Т.
4	Логика әлемі	4 А	1	Шакенова К.К.

Вариативті оқу жүктемесінен белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардың бөлінуі:
«Логика әлемі» дамытушы сипаттағы сабақтар оқушылардың ойлау деңгейі дәстүрден тыс және қызықты математикалық тапсырмаларды орындау, қажетті логикалық пайымдар құру, ой қорытуды жүзеге асыру біліктерін қалыптастыру бойынша жүзеге асырады. Осы мақсатта 2-4 сыныптарда «Логика әлемі» вариативтік курсына бөлінді.

5-9сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш, негізгі орта және жалпы орта ,техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы) ;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 12 тамызындағы №365 бұйрығының 6-қосымшасы) негізге алынды.

Орта буын сыныптарында білім берудің мақсаты – оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін шыңдау:

1) Функционалдық сауаттылықтарын, шығармашылық білімдерін шыңдау;
2) Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
3) Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу;

4) Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар жетістіктерін тиімді қолдану;
5) Ақпараттар ағынын ұтымды игеруге баулу;
6) Жеке тапсырмаларды сапалы орындау, топта нәтижелі жұмысау қабілеттерін арттыру. Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады:
   - оқушыларды негізгі біліммен қамтамасыз ету;
   - жекелеме пәндердің білім мазмұнын тереңдету;
   - тілдік, экономикалық, экологиялық білімдерін арттыру;
   - оқушылардың ғылыми-зерттеулермен айналысуына ықпал ету, шығармашылық ізденіске бағыттау.

2022-2023 оқу жылындағы 5-9 сыныптардың (оқыту қазақ тіліндегі сыныптар) оқу жұмыс жоспарының кестесі

Сыныптар	**5-сынып**	**6-сынып**	**7-сынып**	**8-сынып**	**9-сынып**	**Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі**	**Оқу жүктемесінің жылдық шект ікөлемі**
Инвариантық оқу жүктемесінің көлемі	28	28	31	32	33	152	5472
Вариативтік компонент көлемі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580

2022-2023 оқу жылы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі таңдау пәндері мен элективті курстарға сағаттар берілді. 2022-2023 оқу жылында 5-9 сыныптар бойынша вариативтік компоненттен берілген сабақтар.

р/с	**Пән атауы**	**Сыныбы**	**Сағаты**	**Пәнм ұғалімі**
«Жаһандық құзыреттілік» курстары				
1.	«Жаһандық құзыреттілік»курсы	5	0,5	Жаныспаева М.Б.
2.	«Жаһандық құзыреттілік»курсы	6	0,5	Жаныспаева М.Б.
3.	«Жаһандық құзыреттілік»курсы	7	0,5	Жаныспаева М.Б.

4.	«Жаһандық құзыреттілік»курсы	8	0,5	Жаныспаева М.Б.
5.	«Жаһандық құзыреттілік»курсы	9	1	Жаныспаева М.Б.

Жаһандық құзыреттілік курстардың бөлінуі:

5-8 сыныптарға Жаһандық құзыреттіліктер курс топтамалары 0,5 -сағаттан берілді. 9- сыныпқа 1 сағаттан берілді. Курстың оқыту жоспары дайын Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Жаһандық құзіреттіліктер» курсының үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалды. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі білім беру саласында пайдалануға ұсынады. Пән мұғалімі Жаныспаева М.Б. арнайы жаһандық құзыреттілік курсын өткен педагог. Мектептің әдістемелік кеңесінің №1 отырысында қаралды және құпталды.

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әл-ауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.

«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық- құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.

«Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған. 5-9 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» курстары ӘНХ ұсынылған сағаттарға берілді.

10-11 сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш, негізгі орта және жалпы орта ,техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы) ;
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 12 тамызындағы №365 бұйрығының 85-қосымшасы) негізге алынды.

Жоғары сыныптарда білім берудің мақсаты – оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін ашу:

1) функционалдық сауаттылықтарын, шығармашылық білімдерін;
2) сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
3) ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу;
4) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жетістіктерін тиімді қолдану;
5) ақпараттар ағынын ұтымды игеруге баулу;

Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады:

- жаңа білімдер мазмұнын оқушыларға қолжетімді ету;
- жекелеме пәндерден білімдерін тереңдету;
- тілдік, қаржылық, ақпараттық, кәсіптік білімдерін арттыру;
- кәсіптік бағдар беру, мамандыққа баулу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына жол ашу, шығармашылық ізденіске бағыттау.

2022-2023 оқу жылындағы 10-11 сыныптардың (оқыту қазақ тілді сыныптар) жаратылыстану-математика оқу жұмыс жоспарының кестесі

Сыныптар	10-сынып	11-сынып	Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі	Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі
Инвариантық оқу жүктемесінің көлемі	32 сағат	32 сағат	64	2304
Вариативтік компонент көлемі	3	3	6	216
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	35	35	70	2520

2022-2023 оқу жылы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі таңдау пәндері мен элективті курстарға сағаттар бөлінді.

2022-2023 оқу жылында 10-11 сыныптар бойынша вариативтік компонент бөлігінен берілген сабақтар.

Жаһандық құзыреттілік курсы				
1.	Жаһандық құзыреттілік	10 А	1	Мухамеджанова О.Т.
2.	Жаһандық құзыреттілік	11 А	1	Мухамеджанова О.Т.
Элективті курстар				
1.	Химиялық есептер шығару	10 А	1	Кожахметова Г.Б.
2.	Физикалық есептер шығару	11 А	1	Мухамеджанова О.Т.

Жаһандық құзыреттілік курстарының бөлінуі:

10-11 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» курсы 10 сыныпта аптасына - 1 сағат,11 сыныпта аптасына -1 сағат берілді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына 32-қосымша. Сабақ беретін мұғалімдер Жаныспаева М.Б., Мухамеджанова О.Т.

Элективті курстардың бөлінуі:

10-11 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыттағы бағыт бойынша, оқушылар таңдауымен, әдістемелік бірлестік отырыстарында қаралып, қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетімен келісіліп, педагогикалық кеңесте «Химиялық есептер шығару», «Физикалық есептер шығару» курстары бекітілді. Пән мұғалімдері Кожахметова Г.Б., Жаныспаева М.Б., Мухамеджанова О.Т.

2022-2023 оқу жылындағы 10 сыныптың (оқыту орыс тілді сыныптар) жаратылыстану-математика оқу жұмыс жоспарының кестесі

Сыныптар	**10-сынып**	**Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі**
Инварианттық оқу жүктемесінің көлемі	35 сағат	1260
Вариативтік компонент көлемі	2	72

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	37	1332

2022-2023 оқу жылы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі таңдау пәндері мен элективті курстарға сағаттар бөлінді.

2022-2023 оқу жылында 10 сынып (оқыту орыс тіліндегі) бойынша вариативтік компонент бөлігінен берілген сабақтар.

Жаһандық құзыреттілік курсы				
1.	Жаһандық құзыреттілік	10 Б	1	Жаныспаева М.Б.
Элективті курстар				
2.	Физикалық есептер шығару	10 Б	1	Жаныспаева М.Б.

Жаһандық құзыреттілік курстарының бөлінуі:

10 сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» курсы 10 сыныпта аптасына - 1 сағат берілді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына 32-қосымша. Сабақ беретін мұғалім Жаныспаева М.Б.

Элективті курстардың бөлінуі:

10 сыныпқа жаратылыстану-математикалық бағыттағы бағыт бойынша, оқушылар таңдауымен, әдістемелік бірлестік отырыстарында қаралып, қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетімен келісіліп, педагогикалық кеңесте «Физикалық есептер шығару» элективті курсы бекітілді. Пән мұғалімі Жаныспаева М.Б.

2023-2024 оқу жылында сабақ процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері:

1-4 сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру.

1-4 сыныптардағы оқу үрдісі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы басшылыққа алып ұйымдастырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 14-қосымшасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасына сәйкес оқу жоспары жасалды.

Бастауыш сыныптарда білім берудің мақсаты – оқушылардың тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін шыңдау:

7) Функционалдық және шығармашылық білімдерін қолдана білу;
8) Сыни ойлау;

9) Зерттеу жұмыстарын жүргізу;

10) Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану;
11) Түрлі коммуникациялық әдістерді, оның ішінде шапшаң ойлау, қимылдау дағдыларын қолдану;
12) Жеке және топта жұмыс жасай білу.

Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады:

- әр оқушыны базалық біліммен қамтамасыз ету;
- жекелеме пәндерді ықпалдасыру;
- оқушылармен жеке қатынастарды жүзеге асыру;
- оқушылардың шығармашылық тұрғыдан ілгерілеуіне ықпал ету.

Бастауыш сыныптарда **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері»** міндетті оқу курсының берілуі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағат дүниетану пәніне кіріктіріліп беріледі.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы 1-3 сыныптарда 6 сағат,4-сыныпта 10 сағат сынып сағатына кіріктіріліп беріледі.

2023-2024 оқу жылындағы 1-4 сыныптардың (оқыту қазақ тіліндегі) оқу жұмыс жоспарының кестесі

Сыныптар	**1-сынып**	**2-сынып**	**3-сынып**	**4-сынып**	**Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі**	**Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі**
Инвариантық оқу жүктемесінің көлемі	18,5 сағат	22 сағат	25 сағат	25 сағат	90,5	3058,5
Вариативтік компонент көлемі	1	2	1	1	5	169
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	19,5	24	26	26	95,5	3227,5

2023-2024 оқу жылының 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінің қаулысы бойынша оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі таңдау бойынша пәндерге сағаттар бөлінді.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар бойынша вариативтік компонент бөлігінен берілген сабақтар:

р/с	Пән атауы	Сыныбы	Сағаты	Пән мұғалімі
1	Логика әлемі	1 А	1	Шакенова К.К.

2.	Логика әлемі	2 А	1	Шакенова К.К.
3.	Қызықты грамамтика	2 А	1	Садыкова С.К.
4.	Логика әлемі	3 А	1	Шакенова К.К.
5.	Логика әлемі	4 А	1	Ботаханова Р.Т.

Бастауыш сыныптардағы үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін курстар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында ҚР-ның орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып, таңдалды.

Бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді: 2-ші сыныпта«Шетел тілі» пәні оқытылмайды, орнына 1 сағат «бейнелеу өнері» пәні және 1 сағат вариатив есебіне берілді. Вариатив есебінен 1-4сыныптарға «Логика әлемі» курсы, оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі, «Қызықты грамматика» курсы 2 сыныпқа алынды, бастауыш сынып пән мұғалімдері жүргізеді.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-9 сыныптарда–34 оқу аптасын құрайды. 2023-2024 оқу жылында 1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды, *1 сыныпта «Цифрлықсауаттылық» пәні 2024 жылдың қаңтар айынан бастап жүргізіледі* .2-4-сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктері 1-ден 10 балға дейін (қалыптастырушы бағалау) бағаланады. Білім алушыларды қалыптастырушы бағалау нәтижелері электронды журналға қойылады.

5-9 сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру.

5-9 сыныптардағы оқу үрдісі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашасындағы №500 бұйрығына 6-қосымшасы басшылыққа алып ұйымдастырылады.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 6- қосымшасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары жасалды.

Орта буын сыныптарында білім берудің мақсаты – оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін шыңдау:

7) Функционалдық сауаттылықтарын, шығармашылық білімдерін шыңдау;
8) Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
9) Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу;
10) Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар жетістіктерін тиімді қолдану;
11) Ақпараттар ағынын ұтымды игеруге баулу;
12) Жеке тапсырмаларды сапалы орындау, топта нәтижелі жұмысау қабілеттерін арттыру.

Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады:

- оқушыларды негізгі біліммен қамтамасыз ету;
- жекелеме пәндердің білім мазмұнын тереңдету;
- тілдік, экономикалық, экологиялық білімдерін арттыру;

- оқушылардың ғылыми-зерттеулермен айналысуына ықпал ету, шығармашылық ізденіске бағыттау.

2023-2024 оқу жылындағы5-9 сыныптардың оқу жұмыс жоспарының кестесі

Сыныптар	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	Оқу жүктемесініңжоғарғыапталықкөлемі	Оқу жүктемесініңжылдықшектікөлемі
Инвариантты қоқужүктемесініңкөлемі	28	28	31	32	33	152	5168
Вариативтікомпоненткөлемі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
Оқу жүктемесініңжоғарғышектікөлемі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270

2023-2024 оқу жылының 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінің қаулысы бойынша оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі таңдау бойынша пәндерге сағаттар бөлінді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш, негізгі орта және жалпы орта ,техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы) ;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшасы бекітілген бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізге алынды.

2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптар бойынша вариативтік компоненттен берілген сабақтар.

р/с	Пәнатауы	Сыныбы	Сағаты	Пәнмұғалімі
«Жаһандыққұзыреттілік»курстары				
1.	«Жаһандыққұзыреттілік»курсы	5	0,5	Жаныспаева М.Б.
2.	«Жаһандыққұзыреттілік»курсы	6	0,5	Жаныспаева М.Б.
3.	«Жаһандыққұзыреттілік»курсы	7	0,5	Жаныспаева М.Б.
4.	«Жаһандыққұзыреттілік»курсы	8	0,5	Жаныспаева М.Б.
5.	«Жаһандыққұзыреттілік»курсы	9	1	Жаныспаева М.Б.

Жаһандық құзыреттілік курстардың бөлінуі:

5-8 сыныптарға «Жаһандық құзыреттіліктер» курс топтамалары 0,5-сағаттан берілді. 9-сыныпқа 1 сағаттан берілді. Курстың оқыту жоспары дайын. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Жаһандық құзіреттіліктер» курсының үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалды. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі білім беру саласында пайдалануға ұсынады. Пән мұғалімі Жаныспаева М.Б.

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әл-ауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.

«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.

«Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» курстары ӘНХ ұсынылған сағаттарға берілді.

10-11 сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру.

10-11 сыныптардағы оқу үрдісі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымшасы және №412 бұйрығына

38-қосымшасы басшылыққа алынып, оқу жоспары жасалды.

Жоғары сыныптарда білім берудің мақсаты – оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы мен дамуына қолайлы орта мен кеңістік құру, төмендегідей қабілеттерін ашу:

6) функционалдық сауаттылықтарын, шығармашылық білімдерін;
7) сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
8) ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу;
9) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жетістіктерін тиімді қолдану;
10) ақпараттар ағынын ұтымды игеруге баулу;

Оқу жоспарының мазмұны келесідей міндеттерден тұрады:

- жаңа білімдер мазмұнын оқушыларға қолжетімді ету;
- жекелеме пәндерден білімдерін тереңдету;
- тілдік, қаржылық, ақпараттық, кәсіптік білімдерін арттыру;

- кәсіптік бағдар беру, мамандыққа баулу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына жол ашу, шығармашылық ізденіске бағыттау.

2023-2024 оқу жылындағы 10-11 сыныптардың (оқыту қазақ тілді сыныптар) оқу жұмыс жоспарының кестесі

Сыныптар	10-сынып	11-сынып	Оқу жүктемесінің жоғарғы апталық көлемі	Оқу жүктемесінің жылдық шекті көлемі
Инвариантық оқу жүктемесінің көлемі	32 сағат	32 сағат	64	2176
Вариативтік компонент көлемі	3	3	6	204
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	35	35	70	2380

2023-2024 оқу жылының 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінің қаулысы бойынша оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі таңдау пәндері мен элективті курстарға сағаттар бөлінді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта ,техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы) ;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2012 жылғы 8 қарашасындағы №500 бұйрығының 85-қосымшасы, №412 бұйрығының 39-қосымшасы) негізге алынды.

2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптар (оқыту қазақ тілді сыныптар) (жаратылыстану-математикалық бағыттағы) бойынша вариативтік компонент бөлігінен берілген сабақтар.

Жаһандық құзыреттілік курсы				
1.	«Жаһандық құзыреттілік» курсы	10 А	1	Мухамеджанова О.Т.
2.	«Жаһандық құзыреттілік» курсы	11 А	1	Мухамеджанова О.Т.
Элективті курстар				
1.	Химиядан сандық есептер шығару	10 А	2	Кожахмеова Г.Б.

2.	Биологиялық модельдер және қолднбалы есептер	11 А	1	Кожахметова Г.Б.
3.	Физикадан есептер шығару	10 А	1	Мухамеджанова О.Т.
4.	Физикадан есептер шығару	11 А	1	Мухамеджанова О.Т.

Жаһандық құзыреттілік курстарының бөлінуі:
10-11 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» курсы 10 сыныпта аптасына - 1 сағат, 11 сыныпта аптасына -1 сағат берілді. Мақсаты: "Жаһандық құзыреттілік" курсы өмірлік ұстанымды таңдауға, өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларын қалыптастыруға бағыт беру. Сабақ беретін мұғалім: Мухамеджанова О.Т.

Элективті курстардың бөлінуі:
10-11 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыттағы бағыт бойынша, оқушылар таңдауымен, әдістемелік бірлестік отырыстарында қаралып, қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетімен келісіліп, педагогикалық кеңесте «Химиялық есептер шығару», «Физикалық есептер шығару» курстары бекітілді. Пән мұғалімдері Кожахметова Г.Б., Мухамеджанова О.Т.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында сабақ кестелеріне қойылатын талаптардың жүзеге асырылуы.

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадрлық ресурстарын ескерді. Сабақ кестесін құруда «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жыл 5 тамыздағы №76 бұйрығының талаптарына сүйене отырып сабақ кестесі құрылған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып, бекітілген. Кестеде апатада өтілетін пәннің реті, атауы, сыныбы, пән мұғалімі көрсетілген. Сабақ кестесінде мектеп оқушыларының тамақтануын ұйымдастыру, сыныптарда тазалық жұмыстарын жүргізу үшін бұйрыққа сәйкес екінші және төртінші сабақтардан кейін 15 минуттан екі үзіліс қарастырылған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу бағдарламасы бойынша пәндер сабақ кестесінде қамтылған. Электронды күнделік жүйесіне бекітілген ретпен жүктелген.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

ҚР МЖМБС 31.10.2018 жылғы № 604 сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің базалық мазмұны «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Дене шынықтыру», «Технология және өнер» білім

беру салалары бойынша іске асырылады. Оқыту тек ғылым негіздерін игеруге ғана емес, сонымен бірге оқушылардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін руханилықтың, әлеуметтік және мәдени тәжірибенің одан әрі дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы оқу жоспарлары Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің бекіткен типтік оқу жоспары негізінде жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар талаптарын сақтай отырып оқыту пәндері және апталық, жылдық сағат санының көлемі жұмыс кестесінде көрсетіліп, бекітілген. ҚР МЖМБС негізінде 2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптардың 19 сынып комплектісі болды, 2022-2023 оқу жылында 20 сынып комплектісі, 2023-2024 оқу жылында 21 сынып комплектісі құрылды.

Пәндерді топқа бөліп оқыту 2021-2022 оқу жылында әдістемелік-нұсқау хатқа сәйкес,№ 348 бұйрықтың жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес "Сыныпты екі топқа бөлуге қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда» делінген. Соған сәйкес 6 «а» сыныбында оқушы саны 21 бала, орыс тілі мен әдебиеті, информатика, көркем еңбек, шетел тілі, дене шынықтыру пәндерінен топқа бөліп оқытылды.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында сыныптарды топқа бөлу бала санына байланысты жүргізілген жоқ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен және №348 бұйрықпен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес оқу пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына сай оқу пәндерінің базалық мазмұнының ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ жоспарлары жасалды. Оқыту бағдарламалары, оқу-әдістемелік әдебиеттер, тақырыптық жоспарлаулар базалық оқу жоспарына сәйкес. Мұғалімдердің тақырыптық-күнтізбелік жоспарлары пән бірлестіктердің отырысында қаралып, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының келісімен, мектеп директоры бекітеді.

Пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауда басшылыққа алынатыны:

1) бастауыш білім беру:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырға № 199 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Сауаттылыққа оқыту» және «Әліппе» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығына 3-қосымша);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (цифрлық сауаттылық);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізігі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жалпы орта білімнен

кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы
№348 бұйрығы 2-қосымшасына сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары».

2) негізгі орта білім беру:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы бекіткен Үлгілік оқу жоспарлары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Информатика» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (2018 жылғы 17 қазандағы № 576 өзгерістерімен енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген негізгі білімнің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 өзгерістер мен толықтыруларымен);

3) жалпы орта білім беру:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы бекіткен Үлгілік оқу жоспарларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 өзгерістерімен енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 өзгерістерімен енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары («Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 154 өзгерістерімен енгізілген).

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар туралы мәліметтер

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Үйден оқу	1	1	1

Инклюзивті білім беру	0	0	1 (II жартыжылдықтан)

Үйден оқитын оқушылар туралы мәлімет.

2021-2022 оқу жылында «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – 1 оқушы үйден жеке оқытумен қамтылған.

2021-2022 оқу жылында 7 Б -сынып оқушысы Сафронов Даниилге жеке үйде оқыту ұйымдастырылды. Негіздемесі: ДКК қорытындысы (№ 151/А 17.08.2021), ПМПК қорытындысы (№ 23093 17.08.2021), үйден оқыту туралы мектепішілік бұйрық (24.08.2021ж. №66), ата- анасының өтініші, сабақ кестесі ата-анасымен келісілген. Апталық оқу жүктемесі бойынша: Сафронов Даниилға 10 сағат берілген, жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (26.03.2021ж. № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар) үлгілік оқу жоспарының 7- сыныпқа арналған 10 қосымшасы (Оқыту орыс тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары) негізінде құрастырылған. Сафронов Даниил БЖБ, ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламасына сай диффренциалды жеке жасалып өткізіліп отырды. Күнделікті сабақтарда қалыптастырушы бағалау жүргізілді. Арнайы коррекциялық-түзету сабағын аптасына 2 рет психолог А.А.Кийкпаева жүргізіп отырды. Оқушы мектеп тарапынан ноутбукпен қамтамасыз етілген, үйінде интернет желісі қосылған. Оқушының тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі, оқушыға сынып жетекшісі мен психолог тарапынан мінезедемелер ұсынылды, құжаттары жүктелді.

2021-2022 оқу жылында ЕББҚ бар оқушылар болған жоқ.

2022-2023 оқу жылында «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – 1 оқушы үйден жеке оқытумен қамтылған.

2022-2023 оқу жылында 8 Б -сынып оқушысы Сафронов Даниилге жеке үйде оқыту ұйымдастырылды. Негіздемесі: ДКК қорытындысы (№ 156 23.08.2022), ПМПК қорытындысы (№ 26065 24.08.2022), үйден оқыту туралы мектепішілік бұйрық (23.08.2022ж. №107), ата- анасының өтініші, сабақ кестесі ата-анасымен келісілген. Апталық оқу жүктемесі бойынша: Сафронов Даниилға 10 сағат берілген, жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (26.03.2021ж. № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар) үлгілік оқу жоспарының 8- сыныпқа арналған 10 қосымшасы (Оқыту орыс тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары) негізінде құрастырылған. Сафронов Даниил БЖБ, ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламасына сай диффренциалды жеке жасалып өткізіліп отырды. Күнделікті сабақтарда қалыптастырушы бағалау жүргізілді. Арнайы коррекциялық-түзету сабағын аптасына 2 рет психолог А.А.Кийкпаева жүргізіп отырды. Оқушы мектеп тарапынан ноутбукпен қамтамасыз етілген, үйінде интернет желісі қосылған. Оқушының тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі, оқушыға сынып жетекшісі мен психолог тарапынан мінезедемелер ұсынылды, құжаттары жүктелді.

2022-2023 оқу жылында ЕББҚ бар оқушылар болған жоқ.

2023-2024 оқу жылында «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – 1 оқушы үйден жеке оқытумен қамтылған.

2023-2024 оқу жылында 9 Б -сынып оқушысы Сафронов Даниилге жеке үйде оқыту ұйымдастырылды. Негіздемесі: ДКК қорытындысы (№ 53 24.05.2023), ПМПК қорытындысы (№ 26489 12.06.2023), үйден оқыту туралы мектепішілік бұйрық (23.08.2023ж. №131), ата- анасының өтініші, сабақ кестесі ата-анасымен келісілген. Апталық оқу жүктемесі бойынша: Сафронов Даниилға 10 сағат берілген, жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (26.03.2021ж. № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар) үлгілік оқу жоспарының 9- сыныпқа арналған 10 қосымшасы (Оқыту орыс тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары) негізінде құрастырылған. Сафронов Даниил БЖБ, ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламасына сай диффренциалды жеке жасалып өткізіліп отырды. Күнделікті сабақтарда қалыптастырушы бағалау жүргізілді. Арнайы

коррекциялық-түзету сабағын аптасына 2 рет психолог А.А.Кийкпаева жүргізіп отырды. Оқушы мектеп тарапынан ноутбукпен қамтамасыз етілген, үйінде интернет желісі қосылған. Оқушының тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі, оқушыға сынып жетекшісі мен психолог тарапынан мінезедемелер ұсынылды, құжаттары жүктелді. Үйден оқитын оқушымен жұмыс 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарындағы баланың мінездемелерінде көрсетілген.

2023-2024 оқу жылы II жартыжылдықтан 1 оқушы ерекеше білім беруді қажет ететін оқушы.

2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығында қаңтар айының бастап 4 Б сынып оқушысы Горчева Дарья инклюзивті білім беру бойынша ата-анасының келісімімен, мектепішілік №24 10 қаңтар 2024 жылғы бұйрыққа сәйкес инклюзивті білім беру бағдарламасына ауыстырылды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы Горчева Дарья –4 сынып оқушысы, зиятының орташа бұзылуы (10.01.2024ж. № 27416 ПМПК қорытындысы: 2023-2024 оқу жылында жалпы мектеп бағдарламасымен қысқартылған түрде жеке оқу жоспарымен қадағалап мектепте оқыту ПДТ. Психологтың көмегі).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығының 2-бөлім 5, 8-тармақтар талаптарына сәйкес:

5.Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру:

3) даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) адамдардың (балалардың) білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады;

8. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру білім беру ұйымының Жарғысына, білім беру және ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, осы Қағидаларға, білім беру ұйымы мен ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ата-анасы арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

Мектептің ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жұмысы жалпы білім беретін мектептердің инклюзивті тәжірибесіне қатысушылардың қызметін реттейтін жергілікті нормативтік құқықтық актілер арқылы іске асады:

- педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін және инклюзивті білім беру сыныптарын құру туралы бұйрықтары;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс жоспары;
- инклюзивті білім беруді енгізу және дамыту бойынша жұмыс жоспары. Пән мұғалімі Сальменова М.Б. жеке оқу бағдарламалары салынды. Психолог Кийкпаева А.А. оқушыға жүргізген жұмыстары, мінездемелері берілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Орта білім берудің (Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» талаптарына сәйкес келеді.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2022 оқу жылына арналған ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №368 бұйрығы негізіндеШығыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2021 жылғы 24 тамыздағы №326 бұйрықтары негізінде, «ШҚО Семей қаласы бойынша білім бөлімі» ММ 2021 жыл 25 тамыз №01-04/487 бұйрығы негізінде,«Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 25.08.2021 жылы №67 оқу жылын бастау туралы бұйрығы шығарылды.

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мерзімдері төмендегідей анықталды.

1. Оқу жылының басталуы 1 қыркүйек
2. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 апта
3. Оқу жылының ұзақтығы 2-11 сыныптарда 34 апта

1-сыныптарда қосымша каникул 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығы).

2022-2023 оқу жылына арналған ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы №363 бұйрығы негізінде 2022 жылғы 23 тамыздағы Абай облысы білім басқармасының 2022 жылғы 23 тамыздағы №01-02-8 бұйрығы, «Семей қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 24 тамыздағы №01-04/545 бұйрықтары негізінде «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі»КММ–де25.08.2022 жылы№108 «2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» бұйрық шығарылды.

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мерзімдері төмендегідей анықталды.

1. Оқужылыныңбасталуы 1қыркүйек
2. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 35апта
3. Оқу жылының ұзақтығы 2-11 сыныптарда 36 апта

1-сыныптарда қосымша каникул 7 күн(2023 жылдың 6-12 ақпан аралығы).

2023-2024 оқу жылына арналған ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы №304бұйрығы және«Абай облысы білім басқармасы» ММ 2023 жылғы 05 қазандағы №01-03/557 бұйрығы және «Семей қаласы білім бөлімі»ММ 2023 жылғы 05 қазандағы №01-04/750 бұйрықтары негізінде «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі»КММ 10.10.2023 жылы №175 «2023-2024 оқу жылының басталуы туралы» бұйрығы шығарылды.

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мерзімдері төмендегідей анықталды.

2023 жылғы 1қыркүйек–2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда

1. 1-тоқсан–8оқу аптасы
2. 2-тоқсан–8оқу аптасы
3. 3-тоқсан–10 оқу аптасы
4. 4-тоқсан–8оқу аптасы

1- сыныптарда қосымша демалыс 7 күн (2024жылғы5-15ақпанаралығы).

2023-2024 оқу жылындағы ҚР Оқу-ағарту Министрлігінің 2024 жылғы 4 сәуірдегі №04-1-04-3/2300-И хаты және «Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлім» ММ 2024 жылғы 3 мамырдағы №2762 хаты негізінде, «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2024 жылғы 3 мамырдағы №118/1 бұйрығы негізінде «Үлгілік қағидаларға сәйкес мектепке дейінгі және мектепалды сыныптардағы оқу жылының мерзімі 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында ұйымдастырылу жүзеге асырылды.

«Приречное жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-де сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтай отырып, оқу жұмыс жоспары жасалып жүзеге асырылуда.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар.

Қорытынды аттестаттау.

Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнының меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бақылау жұмыстары стандартқа сай жүргізілді. Формативтік бағалау, бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар уақытында журналға қойылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс, 12 мамыр 2022 жылғы №193 бұйрығына талаптарына сай БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес алынуда.

Әрбір сабақта білім алушыларды уақытылы қолдау, оқуда ілгерілеу, балаларды оқуға ынталандыру, білімдегі олқылықтарды анықтау және олардың оқу жетістіктерін көрсету мақсатында формативті бағалау жүзеге асырылды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалімдер сараланған тапсырмаларды қолданып, білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алды.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде жартыжылдыққа баға формативті бағалау және БЖБ нәтижесі бойынша қойылып отырды. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау жүйелі жүргізілуде.

Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады. 9-сынып білім алушыларының негізгі орта білім беру және 11-сынып білім алушыларының жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы бұйрығы негізінде өткізілді.

Қорытынды аттестаттау Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізуге арналған «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылында 9, 11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «2021-2022 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 және ШҚО білім басқармасының 2022 жылғы 13 мамырдағы №230, ШҚО білім басқармасының «Семей қаласы бойынша білім бөлімі»ММ-нің 2022 жылғы 13 мамырдағы №01-04/257 бұйрықтарына сәйкес шығарылған «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директорының «2021-2022 оқу жылын аяқтау және қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» 16.05.2022 жыл №80 бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылып, аттестаттау емтихандары жүргізілді.

2022 жылдың 23 мамырында өткізілген №5 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 9-сыныптарда барлығы 22 оқушының 21-і мемлекеттікемтиханға жіберілді. 9 «б» сынып оқушысы (Захваткина Рима) денсаулығына байланысты анықтама негізінде емтиханнан босатылды. Бұйрыққа сәйкес мемлекеттік емтихандар кесте бойынша өткізілді. 2021-2022 оқу жылында 9-сыныптар 3 міндетті,1 таңдау емтихандарын тапсырды.Емтихан хаттамалары қосымшаға сәйкес толтырылған, құжаттар жинақталған.

9 «А» сыныбының (оқыту қазақ тілінде) емтихан нәтижелері

2021-2022 оқу жылы

Емтихан пәні	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы%	Үлгерім %
Қазақ тілі пәні жазбаша емтихан	9	0	7	2	0	78	100
Математика (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)	9	1	4	4	0	56	100
Орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	9	3	4	2	0	78	100
Қазақстан тарихы (таңдаупәні)жазбаша емтихан	9	1	6	2	0	78	100

9 «Б» сыныбының (оқыту орыс тілінде) емтихан нәтижелері

2021-2022 оқу жылы

Емтихан пәні	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы%	Үлгерім %
Орыс тілі пәні жазбаша емтихан	12	3	5	4	0	67	100
Математика (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)	12	3	4	5	0	58	100
Қазақ тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	12	1	7	3	0	67	100
Қазақстан тарихы (таңдау пәні) жазбаша емтихан	10	4	3	3	0	70	100
Физика (таңдау пәні) жазбаша емтихан	1	0	4	0	0	100	100
Шетел тілі (ағылшын) (таңдаупәні) жазбаша емтихан	1	0	1	0	0	100	100

9-сынып оқушыларына 2022 жылғы 7 маусым №6 педагогикалық кеңес қаулысымен 22 оқушыға «Негізгі орта білім туралы аттестат» берілді.

2022 жылдың 23 мамырында өткізілген №5 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 11- сыныптарда барлығы 8 оқушының 8-і мемлекеттік емтиханға жіберілді. Бұйрыққа сәйкес мемлекеттік емтихандар кесте бойынша өткізілді. 2021-2022 оқу жылында 11-сыныптар 4 міндетті, 1 таңдау емтихандарын тапсырды. Емтихан хаттамалары қосымшаға сәйкес толтырылған, құжаттар жинақталған.

11 «А» сыныбының (оқыту қазақ тілінде) емтихан нәтижелері

2021-2022 оқу жылы

Емтиханпәні	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы%	Үлгерім %
Қазақ тілі пәні жазбаша емтихан	8	3	3	2	0	75	100
Алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)	8	3	2	3	0	63	100
Орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	8	3	2	3	0	63	100
Қазақстан тарихы ауызша емтихан	8	3	4	1	0	88	100
Физика (таңдау пәні) жазбаша емтихан	2	2	0	0	0	100	100

Қазақ әдебиеті (таңдау пәні) жазбаша емтихан	3	1	2	0	0	100	100
География (таңдау пәні) жазбаша емтихан	3	0	2	1	0	67	100

11-сынып оқушыларына 2022 жылғы 11 маусым №7 педагогикалық кеңес қаулысымен 6 оқушыға «Орта білім туралы аттестат», 2 оқушыға «Орта білімі туралы үздік аттестат» берілді.

2022-2023 оқу жылында 9 сыныпқа қорытынды аттестаттауды жүргізу мақсатында«2022-2023 оқу жылының аяқталу және орта білім беруұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10сәуірдегі №88 және «Абай облысы білім басқармасы» ММ-нің 2023жылғы 18 сәуір №01-03/247 бұйрығына, Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылдың 20 сәуірдегі №01-04/238 бұйрығына сәйкес «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директорының «2022-2023оқу жылын аяқтау және қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» 21.04.2023 жыл №86 бұйрығы шығарылып, қорытынды емтихандар өткізілді.

9 «А» сыныбының (оқыту қазақ тілінде) емтихан нәтижелері (2022-2023оқужылы)

Емтиханпәні	**Оқушысаны**	**«5»**	**«4»**	**«3»**	**«2»**	**Білім сапасы%**	**Үлгерім %**
Қазақ тілі пән іжазбаша емтихан	17	5	7	5	0	71	100
Математика (алгебра) жазбаша емтихан (бақылаужұмысы)	17	6	4	7	0	59	100
Орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	17	8	3	6	0	65	100
Шетел тілі (ағылшын) жазбаша емтихан	4	4	0	0	0	100	100
Физика(таңдаупәні) жазбаша емтихан	2	1	1	0	0	100	100
Қазақстан тарихы (таңдаупәні)жазбаша емтихан	11	0	6	5	0	55	100

9 «Б» сыныбының (оқыту орыс тілінде) емтихан нәтижелері (2022-2023оқужылы)

Емтиханпәні	Оқушысаны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы%	Үлгерім %
Орыс тілі пәні жазбаша емтихан	5	2	3	0	0	100	100
Математика (алгебра) жазбаша емтихан (бақылаужұмысы)	5	1	1	3	0	40	100
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні жазбаша емтихан	5	0	3	2	0	60	100
Қазақстан тарихы (таңдау пәні)жазбаша емтихан	5	2	2	1	0	80	100

2023 жылдың 31 мамырда өткізілген №5 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 9-сыныпта барлығы 22 оқушы мемлекеттік емтиханға жіберілді. Бұйрыққа сәйкес мемлекеттік емтихандар кесте бойынша өткізілді. 2022-2023 оқу жылында 9-сыныптар 3 міндетті, 1 таңдау емтихандарын тапсырды. Емтихан хаттамалары қосымшаға сәйкес толтырылған, құжаттар жинақталған.

9-сынып оқушыларына 2023 жылғы 13 маусым №6 педагогикалық кеңес қаулысымен 19 оқушыға «Негізгі орта білім туралы аттестат» берілді. Емтихан қорытындылары мен ағымдағы бағалары бойынша 3 оқушыға: Даурамбеков Дастан, Құрманова Баянсұлу, Зейноллаева Динараға «Негізгі орта білім туралы үздікаттестат» берілді.

2023 жылдың 31 мамырында өткізілген №5 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 11- сыныптарда барлығы 10 оқушының 10-ы мемлекеттік емтиханға жіберілді. Бұйрыққа сәйкес мемлекеттік емтихандар кесте бойынша өткізілді. 2022-2023 оқу жылында 11-сыныптар 4 міндетті, 1 таңдау емтихандарын тапсырды.Емтихан хаттамалары қосымшаға сәйкес толтырылған, құжаттар жинақталған.

11 «А» сыныбының (оқыту қазақ тілінде) емтихан нәтижелері

2022-2023 оқу жылы

Емтихан пәні	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білімсапасы%	Үлгерім %
Қазақ тілі пәні жазбаша емтихан	10	3	2	5	0	50	100
Алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан (бақылаужұмысы)	10	3	2	5	0	50	100

Орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	10	2	3	5	0	50	100
Қазақстан тарихы ауызша емтихан	10	4	3	3	0	70	100
Физика (таңдау пәні) жазбаша емтихан	2	0	2	0	0	100	100
Құқық негіздері (таңдау пәні) жазбаша емтихан	5	0	2	3	0	40	100
Биология (таңдау пәні) жазбаша емтихан	3	2	1	0	0	100	100

11-сынып оқушыларына 2023 жылғы 19 маусым №7 педагогикалық кеңес қаулысымен 9 оқушыға «Орта білім туралы аттестат», 1 оқушыға «Орта білім туралы үздік аттестат»берілді.

2023-2024 оқу жылында 9, 11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау туралы» 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығына сәйкес, Абай облысы білім басқармасының 2024 жылғы 25 сәуірдегі №01-03/214 бұйрығына сәйкес, Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласының білім бөлімі»ММ-нің 2024 жылғы 30 сәуірдегі №01-04/263 бұйрығына сәйкес, «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директорының «2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» 2024 жылғы 2 мамырдағы №118 бұйрығына сәйкес және 2024 жылғы 31 қаңтардағы №46 «9 11 сыныптар білім алушыларының үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу жөніндегі комиссия құру туралы» бұйрықтарына сәйкес қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылып, аттестаттау емтихандары жүргізілді.

2024 жылдың 23 мамырында өткізілген №5 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 9-сыныптарда барлығы 20 оқушының 19-ы мемлекеттік емтиханға жіберілді. 9 «б» сынып оқушысы (Сафронов Даниил) денсаулығына байланысты анықтама негізінде емтиханнан босатылды. Бұйрыққа сәйкес мемлекеттік емтихандар кесте бойынша өткізілді. 2023-2024 оқу жылында 9-сыныптар 3 міндетті,1 таңдау емтихандарын тапсырды. Емтихан хаттамалары қосымшаға сәйкес толтырылған, құжаттар жинақталған.

9 «А» сыныбының (оқыту қазақ тілінде) емтихан нәтижелері

2023-2024 оқу жылы

Емтихан пәні	**Оқушы саны**	**«5»**	**«4»**	**«3»**	**«2»**	**Білім сапасы%**	**Үлгерім %**
Қазақ тілі пәні жазбаша емтихан	13	1	8	4	0	69	100

Математика (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)	13	1	7	5	0	61	100
Орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	13	3	4	6	0	54	100
Қазақстан тарихы (таңдаупәні)жазбаша емтихан	13	2	7	4	0	69	100

9 «Б» сыныбының (оқыту орыс тілінде) емтихан нәтижелері

2023-2024 оқу жылы

Емтихан пәні	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы%	Үлгерім %
Орыс тілі пәні жазбаша емтихан	6	2	2	2	0	67	100
Математика (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)	6	2	3	1	0	83	100
Қазақ тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	6	0	4	2	0	67	100
Қазақстан тарихы (таңдау пәні) жазбаша емтихан	6	0	5	1	0	83	100

9-сынып оқушыларына 2024 жылғы 10 маусым №7 педагогикалық кеңес қаулысымен 20 оқушыға «Негізгі орта білім туралы аттестат» берілді.

2024 жылдың 23 мамырында өткізілген №5 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 11- сыныптарда барлығы 13 оқушының 13-і мемлекеттік емтиханға жіберілді. Бұйрыққа сәйкес мемлекеттік емтихандар кесте бойынша өткізілді. 2023-2024 оқу жылында 11-сыныптар 4 міндетті, 1 таңдау емтихандарын тапсырды. Емтихан хаттамалары қосымшаға сәйкес толтырылған, құжаттар жинақталған.

11 «А» сыныбының (оқыту қазақ тілінде) емтихан нәтижелері

2023-2024 оқу жылы

Емтиханпәні	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы%	Үлгерім %
Қазақ тілі пәні жазбаша емтихан	5	0	4	1	0	80	100
Алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)	5	0	4	1	0	80	100

Орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	5	0	4	1	0	80	100
Қазақстан тарихы ауызша емтихан	5	0	4	1	0	80	100
Физика (таңдау пәні) жазбаша емтихан	4	0	4	0	0	100	100
Биология (таңдау пәні) жазбаша емтихан	1	0	1	0	0	100	100

11 «Б» сыныбының (оқыту орыс тілінде) емтихан нәтижелері

2023-2024 оқу жылы

Емтиханпәні	**Оқушы саны**	**«5»**	**«4»**	**«3»**	**«2»**	**Білім сапасы%**	**Үлгерім %**
Орыс тілі пәні жазбаша емтихан	8	3	4	1	0	88	100
Алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)	8	3	2	3	0	63	100
Қазақ тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан	8	2	3	3	0	63	100
Қазақстан тарихы ауызша емтихан	8	4	1	3	0	63	100
Физика (таңдау пәні) жазбаша емтихан	2	2	0	0	0	100	100
Дүниежүзі тарихы (таңдау пәні) жазбаша емтихан	6	2	2	2	0	67	100

11-сынып оқушыларына 2024 жылғы 11 маусым №8 педагогикалық кеңес қаулысымен 13 оқушыға «Орта білім туралы аттестат» берілді.

«Приречное жалпы орта білім беретін мектебінің» 2021-2022 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмыстарының сараптамасы.

Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда төмендегі негізгі нормативтік құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚазақстанРеспубликасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы;
6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық

2021 -2022 оқу жылында мектепте мынадай жобалар іске асырылуда:

«Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
«Дебат» қозғалысы;
«Оқуға құштар мектеп»;
«Отбасы – мектеп»;
«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»

Мектептегі тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес **сегіз** негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»

- *Рухани-адамгершілік тәрбие*
- *Ұлттық тәрбие*
- *Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру:*
- *Білім алушылар бойында еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру.*
- *Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие*
- *Зияткерлік тәрбие*
- *Дене тәрбиесі*

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру және білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында тәрбие үрдісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдемесі

Мектебімізде жалпы сыныптар саны: 20 сынып комплект, 2 даярлық тобы бар.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның ң саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбиеге мектепте ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Қазақстан Республикасының Гимнін нақышына келтіріп айтуға, Мемлекеттік Туды алып шығуға және қайта орнына апаруға басты назар аударылады. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау үшін барлық сыныптарда тоқсанына 1 рет сынып сағаттары жоспарланған. Сондай-ақ оқушыларды мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу үшін жылдық жоспар жасалынған. Жоспар бойынша Конституция күні, Тұңғыш Президент күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, 4 маусым Мемлекеттік Рәміздер күні мерекелеріне орай тақырыптық шаралар өткізіліп тұрады.

1 Қыркүйек – Білім күнінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаттары өткізілді.

Білім күніне арналған, соңғы қоңырау мерекесіне орай салтанатты жиындар кең ауқымда өткізіліп тұрады. Жиындарға ауылдық әкімшілік қызметкерлері, ардагер ұстаздар, ауылдың құрметті азаматтары шақырылады.

1-4 сыныптарда "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері", 5-9 сыныптарда "Рәміздерім - мақтанышым", 10-11 сыныптарда "Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздік тұмары" тақырыптарында сынып сағаттары жыл сайын өткізіледі.

Тарих мұғалімдерінің жауапкершілігімен 1-11 сынып оқушыларынанан мемлекеттік Рәміздер туралы білімдерін тексеру мақсатында тест алынып қорытындысы шығарылып, қосымша жұмыстар жүргізіледі.

ҚР Тілдер күні мерекесіне байланысты «Тілім менің тірлігімнің айғағы» атты апталықмөткізілді. Апталық барысында түрлі интеллектуалды ойындар, танымдық сағаттар мен сайыстар ұйымдастырылды. **Тіл мерекесіне арналған барлық іс-шаралар жоспарға сай өткізілді.**

Айлық қазақ тілі мен әдебиеті пәні, шет тілі, орыс тілі мұғалімдерінің бастауымен өткізілді. Тілдер апталығының тақырыбы ««МӘҢГІЛІК ЕЛ-МӘҢГІЛІК ТІЛ»» деп аталды.

Ұлт ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Айлық салтанатты жиынмен ашылды.

Мақсаты: оқушыларға Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі орнын, оның ағартушылық және мұғалімдік қызметі туралы баяндау.

2-11 сыныптар арасында қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлділі, жыршы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында басталған челленджді жалғастырды. Әр сынып өзі таңдаған Жамбыл өлеңдерін мәнерлеп оқып, төменгі сынып оқушылары орта буынға жолдады

Бұл челлендждің мақсаты - оқушыларды Жамбыл Жабаев өлеңдерін оқыту арқылы адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулу, оқушылардың сөйлеу, мәнерлеп оқу қабілеттерін дамыту. Челлендждің ұйымдастыруына сынып жетекшілер жауапты болды.

2021-2022 оқу жылындағы ақын –жазушылардың мерейтойлық күнтізбелік күндеріне арнап мектеп кітапханашысы Иванова Н.Н. бейнежазба жасады. Мақсаты: ақын-жазушылардың өмірі мен шығармаларын кеңінен насихаттау;

05. 09. 2021 жылы аталған тақырып аясында «Өлең – сөздің патшасы...»,

«Тіл – ұлт қазынасы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға 5-11 сынып оқушылары қатысты. «Өлең – сөздің патшасы..» шарасының мақсаты: қазақ ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқуға тәрбиелеу , насихаттау;

«Тіл – ұлт қазынасы» мақсаты: өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген құрметі мен сүйіспеншілігін көрсету және құрметтеу.
Аталған іс-шараларда оқушылар жауапкершілік, қызығушылық, белсендік таныта білді.
Мәнерлеп оқу сайысы барысында оқушылардың барлығы да үлкен дайындықпен қатысты. Өзіне берілген өлеңдерің аса шеберліктен нақышына келтіріп орындады. Жауапты ұстаздар:Отаршинова Н.Т. 8 - 9 сыныптарының оқушылары арасында Ж.Жабаевтың шығармашылығы туралы сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Жамбыл Жабаев – жүз жасаған бәйтеректің шығармашылығымен таныстыру, ақынның өлеңдерін жатқа оқыту, оқушылардың мәнерлеп оқуын дамыту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу;

Тілдер мерекесіне орай «My Independent country is Kazakhstan» атты сыныптан тыс іс-шара 5-8 сыныптар арасында ағылышын тілінде өткізілді. Сыныптан тыс іс-шараның мақсаты: оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ұялату, оқушылардың дүниетанымын кеңейту. Жауапты мұғалімдер Алина А.К., Куандыкова А.Б.

5 қыркүйек Қазақстан Халқы Тілдер күні мерекесінің жоспарына орай, қыркүйектің 13 -і күні 10- сынып оқушыларымен қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына байланысты "Ыбырай әңгімелері- тәрбиенің алтын діңгегі " тақырыбына сахналық қойылым көрсетілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі», «Үштілділік-заман талабы» үш тілде (қазақ тілі,орыс тілі мен ағылшын тілдерде) сынып жетекшілер Нуржанова А.А., Отаршинова Н.Т., Алина А.К. викторина өткізді. Құқықтық білім беру бойынша қыркүйек айында тарих пәнінің мұғалімі Мамиева Б.Х. «Құқықтық сана – қауымға пана» атты дөңгелек үстел өткізіп, оқушылармен ой бөлісті. Семей қаласының наркологиялық диспансері, СӨС, ЖҚТБ орталықтарымен бірігіп ортақ жұмыс жоспарлары құрылған. Нашақорлық және АҚТҚ-ның алдын алу бойынша онкүндік, айлықтар және 31 мамыр - Халықаралық шылым шегуге қарсы күрес күніне сәйкес іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында да шаралар өткізіліп тұрады. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша қалалық Әуезов ПБ бірлескен жоспар жасалынып бекітілген.

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі жұмыс істейді. Кеңес мүшелері жоспарға сәйкес жұмыстар атқарды: кеңестің отырыстарында оқушылардың тәртіптері, сабақ үлгерімдері сабақты себепсіз босату секілді мәселелер қаралады.

Оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу үшін әңгіме жүргізіліп тұрады. Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, ата-аналармен, бірігіп кешкісінгі уақытта рейд жасап тұрды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте үйірме, спорттық секция жұмыс істейді. Мектепішілік есепте, қала маңындағы полиция бөлімшесінде есепте тұрған оқушылар жоқ. Әуезов ПБ-нің кәмелетке толмағандар тіркеуінде тұрған оқушылар жоқ.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» атты онкүндік өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты сыныптар арасында сынып сағаттары, сурет және кітапхана көрмесі, шығармашылық сайыстар ұйымдастырылып, «Тәуелсіздік - тірегім» атты мерекелік кеш өткізілді. 2021 жылдың желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған зияткерлік ойын өткізілді. Ойынның тақырыбы: «Тәуелсіздік - тірегім». Жеңімпаздар мадақтамамен марапатталды.

Айлықтың соңғы күні салтанатты жабылу кешінде іс-шараларға белсенді қатысқан барлық оқушылардың есімдері аталып, дипломдар мен алғыс хаттар берілді.

«Гуманитарлық пәндер бірлестігі» мұғалімдері әртүрлі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың мемлекеттік тілді жетік білуіне көңіл бөліп, пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, ізденімпаздық қабілеттерін оята білді.
Қорыта келгенде, айлық белгіленген жоспар бойынша жоғары деңгейде өткізілді.

Жыл сайын ақпан айында әскери патриоттық айлық өткізіледі. Айлық аясында ерлік сабақтары, «Жан жарасына айналған- Ауғанстан» кітапханалық сабағы, Ауған соғысының ардагері ауыл тұрғыны Шарипов Н.П. мен кездесу, АӘТД орталығы жанындағы Ауған соғысы ардагерлерінің

мұражайына саяхат сабақтары, «Атамекен» патриоттық әндер сайысын өткізу, 10-11 сыныптарда әскери ойындардан сайыс, 5-9 сыныптарда сапта тұрып ән айту сайысы ұйымдастырылады. Сонымен қатар, мектептегі белсенді және үздік оқушылар «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» қатарына қабылданды. ЖасҰлан" және «Жас Қыран» өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс атқарды. Республикалық бірыңғай 1-4 сыныптар үшін "Жас Қыран", 5-11 сыныптар үшін "Жас Ұлан" ұйымы жұмыс істеді.

Жыл сайын 09 сәуір - 09 мамыр аралығында «Патриот» айлығы өтеді. Барлық сыныптарда «Ұлы Жеңісті жалғастырушылармыз» тақырыбында ерлік сабақтары, «Ардагерлерді ардақтайық!» тақырыбында кітап көрмесі, кітапханалық сабақтар, кездесулер, суреттер сайысы, мәнерлеп оқу сайыстары өткізіледі.

Сондай-ақ, 9 мамырда «Өлімді жеңген полк» акциясы дәстүрлі түрде ұйымдастырылады.

Рухани жаңғыру аясында ай сайын іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізіліп отырды.

«Рухани-адамгершілік тәрбие» бағыты

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы «Рухани жаңғыру» құндылықтары негіздерінің, оның ішінде «Құндылықтарға негізделген білім беру», «Қоғамға қызмет» жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

Рухани адамгершілік тәрбие беру мақсатында да жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылды.

Білім күніне арналған, соңғы қоңырау мерекесіне орай салтанатты жиындар кең ауқымда өткізіліп тұрады. Жиындарға ауылдық әкімшілік қызметкерлері, ардагер ұстаздар, ауылдың құрметті азаматтары шақырылады.

Жыл сайын 1 қазан мен 31 қазан аралығында «Қайырымдылық» айлығы өтеді. Мақсаты: оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан биылғы оқу жылында шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша 1 қыркүйекте мектепке балалардың келмеуінің алдын алу. Айлықты өткізу үшін комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары жасалынады. Іс-шараларға қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар да тартылады. 1 қазан карттар күніне байланысты 5-10 сынып оқушылары өздеріне бекітілген карттарды құттықтап, бейнероликтер түсіреді. Құттықтау қағаздарын жасап жібереді. Барлық сыныптарда ата-әжелерінің қатысуымен, мейірімділік сағаттары ұйымдастырылады. «Карты бар үйдің қазынасы бар», «Менің Атам мен Әжем» атты тақырыпта бастауыш сынып оқушылары арасында челлендж өткізілді. «Мейірімділік» акциясы ұйымдастырылып, жағдайы төмен отбасының балаларына киім-кешек түрінде материалдық көмек көрсетіледі.

Биылғы оқу жылында қазақ зиялылары мен ақын – жазушыларының атаулы күндері мектеп қабырғасында аталып өтті. «Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығы» атты видеоролик, «Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына» арналған сынып сағаттары, Қазақ совет ақыны және аудармашы викторинасы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына, Ахмет Жұбановтың 115 жылдығына, қазақ музыкатанушысы, композитор, дирижер, ақын, Қазақ КСР халық әртісі –шығармашылық сағат, «Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына» дөңгелек үстел, «Ахмет Байтұрсынұлының 1150 жылдығына» жазушы шығармаларынан шағын үзінділер оқу, шығармашылық кештер ұйымдастырылды. Сондай-ақ, «Тәрбие процесін ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер» атты сынып жетекшілер бірлестігінде коучинг өткізілді. «Мейірімділік болған жер әдемі» тренингін мектеп психологы Киикпаева А.А. 5-8 – сыныптар арасында өткізді.

Жаңа жылдық ертеңгіліктер арнайы кестеге сәйкес мектепте өтеді.

1 наурыз Алғыс айту күнін атап өту дәстүрге айналған. Сынып жетекшілері мектеп оқушылары мен ата-аналарға мерекенің шығу төркіні туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оқушылар мен ата-аналар өз кезегінде бейнероликтер мен фотоколлаж арқылы кері байланыстарын жібереді.

8 наурыз Халықаралық Әйелдер мерекесіне байланысты қашықтықтан құттықтаулар ұйымдастырылады. 3-4, 5-6 сынып қыздары арасында «Мен Анама көмекшімін» атты челлендж ұйымдастырылады. 7-9 сынып оқушылары өз қолдарымен құттықтау қағаздарын дайындайды. Барлық сыныптар құттықтау бейнероликтерін жасап, әлеуметтік желілерге жүктелді.

Соңғы қоңырау мерекесі салтанатты жиыны жылдағы дәстүр бойынша өткізілді. Оқу озаттары мен әр түрлі сайыстардың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі ұйымдастырылды.

Діни экстремизмнің алдын алу білім мекемелеріндегі тәрбиелеу үрдісінің маңызды бөлшегі. 9-сыныптарда жүретін дінтану сабағында діни сауаттылық қалыптасады. Рухани адамгершілік бағыты бойынша діни экстремизмнің алдын алу іс-шаралар жоспары әзірленіп, жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылды. Имандылық, адамгершілік тақырыбында сынып сағаттары, кездесулер, сауалнама алу жұмыстары жүргізіліп тұрады.

«Ұлттық тәрбие» бағыты

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен

мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз.

Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында өткізілетін шараларда ұлттық құндылықтарды дәріптеу жан-жақты қамтылған.

Дәстүрлі түрде 1-4, 5-8 сынып ұлдары арасында өткен «Жігіт сұлтаны», 1-4, 5-8 сынып оқушылары арасында өткен «Мектеп Аруы» сайыстары, «Қызға қырық үйден тыйым», «Қыз қылығы үйде...», «Дәстүр мен ғұрып», «Алғысым шексіз» тақырыбындағы кездесу кеңестер, «Менің Әкем», «Менің Атам», «Домбыра-қазақ халқының жаны», «Мен Анамның көмекшісімін» атты челлендждер оқушыларды ұлттық тәрбиеге баулуға бағытталған.

Сондай-ақ, Ұлыстың Ұлы күніне орай дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткен ұлттық ойындар түрінен сайыстардың да тәрбиелік маңызы зор.

Ұлттық құндылықтарға насихаттау барысында Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне орай өткізілетін шаралардың орны зор. Білім бөлімі жіберген «Наурыз шуағы» атты Наурыз мерекесін өткізу Тұжырымдамасына сәйкес мектепте жоспар жасалынды. Жоспарда барлық сыныптардың шараларға қатысуына назар аударылды. «Көрісу күні», «Жоралғы күні», «Игі істер күні», «Ұлттық тағам күні», «Спорт күні», «Шымырлық пен шебер күні» деген атаулармен өткен шараларда тұнып тұрған ұлттық құндылықтар туралы сөз қозғалды. Іс-шараларды ұйымдастыруда мұғалімдер оқушыларға түсіндіре отырып, бейнеролик түсіруді талап еткен. Яғни оқушылар осы атаулы күндерге байланысты іздене отырып, өздері бейнеролик арқылы басқаларға жеткізе білді. Атаулы күндерге байланысты өткен іс-шаралар оқушылар мен ата-аналар топтарына, мектептің әлеуметтік желілеріне салынды.

«Отбасылық тәрбие» бағыты

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Отбасы тәрбиесінің міндеті балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру. Осы бағыт бойынша мектепте көзделген төмендегі іс-шаралар іске асырылды. Оқушылардың үйлерін аралау, тұрмыс жағдайларына акт жасау, өгей әке, өгей анамен тұратын оқушыларды анықтау, сәтсіз отбасыларды анықтау жұмыстары жүргізілді.

Әр оқу жылы сайын жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналардың, оқушылардың және мектептің міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі туралы түсініктемелер беріледі. Мектеп инспекторының қатысуымен оқушыларды қоғамдағы болып жатқан келеңсіз жағдайлардан сақтандыру мақсатында «Жасөспірім және қылмыс», «Біз және Заң» атты кездесу сағаттары өткізіліп, инспектор оқушылардың сұрақтарына жауап береді.

Жыл сайын қыркүйекте "Отбасы бақыт мекені" апталығы өтеді. «Менің Отбасым» тақырыбында оқушылар ата-аналарымен түскен суреттерінен

фотоколлаж, бейнероликтер жасады. 5-11 сыныптарда «Менің Әкем ең мықты» атты челлендж өтеді. «Әке, мама, мен - спорттық отбасы» спорттық ойын өткізілді. Өткізілген іс-шаралар мақсаты салауатты өмір салтын насихаттау, отбасындағы Әкенің орнының маңызын түсіндіру.

3-4, 5-6 сынып қыздары арасында «Мен Анамның көмекшісімін» атты челлендж ұйымдастырылады. 3-6 сынып оқушылары арасында «Менің әкем» тақырыбында эссе жазу ұйымдастырылады. 7-8 сыныптар арасында өтетін «Ана өмір бастауы» атты мәнерлеп оқу сайысының тәрбиелік маңызы зор. Жаңа жыл, 8 наурыз мерекелері қарсаңында оқушылардың ата-аналарымен бірге жасаған қолөнер жұмыстарынан көрме ұйымдастырылып, жақсы жұмыстар марапатталады.

«Балалар ересек болғанда», «Отбасын мектептегі оқу үдерісіне қалай тарту керек», «Бала қауіпсіздігі - ең маңыздысы» деген тақырыптарда ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мектепте ата-аналар комитеті, Аналар кеңесі, Әкелер кеңесі, Қамқоршылық кеңесі жұмыстарын жалғастыруда. Кеңес мүшелері іс-шаралар жоспарын құрастырғанда ұсынымдар берді, оқушылардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға қатысты; әкімшілікпен, оқушылармен, жергілікті қоғамдастықпен байланыс реттелді; оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға қатысты. Жыл бойында «Ашық есіктер» күні жеке жоспарланды.

«Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие»

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиеге байланысты атқарылған іс-шаралар:

Барлық сынып жетекшілердің жоспарларында апта сайын экологиялық білім беру бойынша сынып сағаттары жоспарланған.

Қазан айының екінші аптасында жыл сайын «Біз және табиғат" акциясы өтеді. Акция шеңберінде оқушылар құстарға ұя, жемшашар жасап бейнероликтер түсірді. "Құстар біздің досымыз" "Табиғатты қорғаушы" номинацияларымен жақсы жұмыстар марапатталды.

«Мерекелі Алтын күз» атты мереке ұйымдастырылып, «Күз келбеті» тақырыбында 1-4 сыныптарда суреттер сайысы, 5-8 сыныптар «Ғажайып туынды» қолөнер туындысынан коллаж жасау, 9-11 сыныптарда «Күз – мереке, күз-береке» тақырыбында эссе жазу жұмыстары ұйымдастырылады.

Мектеп ауласына жеміс, гүл тұқымдарын отырғызу жұмыстары биология пәнінің мұғалімінің жетекшілігімен наурыз айында басталады. Мамыр айының екінші жартысынан бастап гүлдердің тұқымдары мен жемістердің көшеттері мектеп ауласына отырғызылады. Мектеп жыл сайын қалалық көгалдандыру жұмыстары бойынша жарысқа қатысып, жүлделі орындар алып жүр.

«Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу»

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, кәсіптік тәрбие әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күні өткізіліп, Ұланбасы, Парламент сайлауы ұйымдастырылды. Оқушылардың өзін –өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологы үнемі жұмыстар жүргізді. 1-4 сыныптар арасында әрбір баланы жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту мақсатында «Өзімді тану-өзгені тану» атты тақырыпта тәрбие сағаты, «Жеке қабілет және әлеуметтік мүмкіндіктің ашылуы» тақырыбында 5-8 сыныптарды сынып сағаттары өткізілді. 9-11 сыныптар арасында «Ақпараттық мәдениет негіздері» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

5-9 сынып оқушылары «Сүйікті менің ісім» тақырыбында шығарма байқауы, «Мамандықтың бәрі жақсы...» 9-сыныпта әңгіме сағаты, «Кәсіп түбі нәсіп» 10-сыныптарда пікірлесу сағаты, «Менің ата-анамның мамандығы» тақырыбында бастауыш сыныптармен танымдық сағаты өтті.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалардың сыныптан тыс

жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған.

«Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие»

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзің жеңу, өзіне - өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі,
өз орны бар екеніне сендіру. Осыған орай бұл бағыттар бойынша жоспарға сай бірнеше жұмыстар қамтылды. Ұлы ақын А. Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ақынның жырын, өмірін жас ұрпаққа насихаттау мақсатында қара сөздерінен, өлең, әндерінен жарыстар ұйымдастырылды. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына ақын өлеңдерін оқудан челлендж өтті. "Ұстаздан ұлағат, қарттардан мейірім, шапағат", жаңа жылдық мерекелік сынып сағаттары, 8 наурыз, 1 мамыр, 25 мамыр мерекелеріне орай ұйымдастырылған шаралар аталған бағытты оқушылар бойында қалыптастыруда негізгі шаралар болды деуге болады. Сондай-ақ, «Жігіт сұлтаны», «Мектеп аруы», байқаулары дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіледі.

«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты»

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жұмыс жоспарлары жасалынып бекітілді. Барлық сыныптарда жеке гигиена, коронавирустың алдын алу бойынша сынып сағаттары, медбикенің кеңесі ұйымдастырылды. Денсаулық фестивалі онлайн жаттығулар өткізу арқылы, таза ауада жаттығулар жасау арқылы ұйымдастырылды.

16 қазан Дүниежүзілік тамақ күніне орай барлық сыныптарда "Дұрыс тамақтану - денсаулықтың басты кепілі" деген тақырыпта сынып сағаттары өткізіледі. Медбике дұрыс тамақтану, артық салмақ бойынша әңгімелер жүргізіп, әлеуметтік желілерге жадынама салды.


ЖҚТБ мен күрес күніне орай СӨС апталығы өтті. 1-7 сыныптарда тақырыптық сынып сағаттары, 8-11 сыныптарда"ЖҚТБ, АҚТҚ " деген не? Жұқпалы аурулардыңалдын алу" тақырыбында сынып сағаттары, суреттер салу жұмыстары ұйымдастырылды.

9-11 сыныптар арасында биология мұғалімдерінің жауапкершілігімен «Зиянды әдеттер» атты тақырыпта конференция, «Дені саудың жаны сау» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оқушылар бандамаларында зиянды заттардың зардаптарын ашық көрсете біліп, қатарластарын салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.
Тәуелсіздік күніне орай «Отбасылық спорт» челленджі ұйымдастырылды. Оқушылар ата-аналарымен, туыстарымен әр түрлі спорттық жаттығулар , ойындар түрлерін жасап, бейнеролик арқылы бөлісті.
Қыс айларында ауылдағы мұз айдыны жұмыс істеп тұрады. Балалар бос уақытын мұз айдынында өткізе алды. Сондай-ақ дене шынықтыру мұғалімі Турлыбеков Д.О. жетекшілігімен ауыл маңында шаңғымен де серуенге шығу жұмыстары ұйымдастырылды, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дене шынықтыру мұғалімі Нигметов Б.Д. «Шахмат», «Шаңғымен серуен», «Тоғызқұмалақ», «Баскетбол» спорттық жарыстар жұмыс жасады.

Сәуір айының соңғы аптасы жыл сайын салауатты өмір салты апталығы өтеді. Нашақорлықтың, ішімдіктің алдын алу бойынша наркодиспансер, ЖҚТБ орталығы, СӨС орталығының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, тақырыптық сынып сағаттары өтеді.

Ұлыстың ұлы күніне орай жыл сайын ұлттық ойындардан жарыстар ұйымдастырылады.
Жылдағы әдетпен мамырда Олимпиада күні ұйымдастырылып, салауатты өмір салты насихатталады.

2021 – 2022 жылғы тәрбие жұмысы бойынша мониторинг



Мектебімізде өмір қауіпсіздіктерін сақтауға баса назар аударылады. Жыл басында барлық оқушыларға жолда жүру, өрт қауіпсіздіктері, мектепте қалай жүру керектігі туралы нұсқаулықтармен таныстырылады. Нұсқаулық дәптеріне тіркеледі. Сондай-ақ өткізілетін іс-шаралардың алдында да қауіпсіздік ережелерімен таныстырылады. Күзгі, қысқы, жазғы каникул уақыттарында маңайдағы өзен-көлдерге бармау туралы, төбешіктерде сырғанау кезінде қауіпсіздіктерді сақтау туралы нұсқаулықтар беріліп аранйы дәптерге тіркеледі. 1-9 сынып оқушыларына дене шынықтыру сабақтарында, 10-11 сыныптарда алғашқы әскери дайындық сабағында өмір қауіпсіздік ережелері туралы қамтылған.

Сондай-ақ, ата-аналар жиналыстарында өмір қауіпсіздік ережелері туралы таныстырылымдар жасалынып, хаттамаға тіркеліп отырады.

Мектепте жолда жүру ережесін оқытуға баса назар аударылады. ЖЖЕ барлық сыныптарда сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес оқытылады.

Мектепішілік жоспарға сәйкес 2021 жылы ЖЖЕ байланысты іс-шаралар өтті.

7, 6 сыныптары ЖЖЕ туралы мәліметтер айтып, оқушыларды белсене қатысуға шақырды. «Жолда абай бол» тақырыбында 5-8 сыныптарда суреттер сайысы ұйымдастырылып, өте жақсы деп танылыған жұмыстар марапатталды.

«Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!» атты тақырыпта ұйымдастырылған жарысқа оқушылар белсене араласты.

«Бағдаршамды тыңдаймыз, жол тәртібін сақтаймыз» тақырыбында қабырға газеттері сайысы ұйымдастырылды.

23.09-25.10. 2021 ж., 19.01-29.01.2022 ж аралығында республикалық «Қауіпсіз мектеп автобусы» акциясы шеңберінде ЖЖЕ бойынша, жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында бірқатар шаралар өткізілді.

*Жолда жүру ережесі бойынша тасымалданатын оқушыларға нұсқама берілді.
* «Жүргізушіге хат» челлендж. 3-4 сыныптар.
* «Жол ережесін сақтайық» тақырыбында барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.
* «Жолда жүру ережесін сақтайық!» ақпараттық хабар. 1-11сыныптар. Жауапты кітапханашы Иванова Н.Н.

Сондай-ақ жаңа оқу жылының басында және әр каникулдың алдында сынып жетекшілері оқушыларға ЖЖЕ бойынша қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулық беріп, арнайы дәптерге тіркеп отырады.

